

8D10102 – «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Балапашева Эйгерім Алдиярқызының «Ақтөбе қаласының провизорлық стационарында COVID-19 пандемиясына дейінгі және кезіндегі бактерияға қарсы препараттарды тұтынудың ұтымдылығын кешенді бағалау» тақырыбындағы докторлық диссертациялық жұмысына, фармакология, клиникалық фармакология кафедрасының доценті, PhD Мусина Айгуль Закариевнаның

ПІКІРІ

Балапашева Эйгерім Алдиярқызы 2017 жылы Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің резидентурасын үздік бітірді, ал 2021 жылы «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторантурасына грант негізінде оқуға түсті.

Докторантуралық оқу барысында Балапашева Ә.А. өзін креативті, жауапкершілігі жоғары және бастамашыл зерттеуші ретінде көрсете білді. Ол терен аналитикалық қабілетімен және жоғары ғылыми ойлау деңгейімен ерекшеленеді. Заманауи ғылыми әдебиеттерді еркін менгеріп, халықаралық ғылыми тәжірибе мен дәлелді медицинаның деректерін, бактерияға қарсы препараттарды ұтымды қолдануға қатысты мәселелерді талдау барысында сауатты қолданды. Докторант өз міндеттерін адал атқарып, қойылған мақсаттарға табандылықпен қол жеткізеді. Жұмыс барысында орындаушылық, ұқыптылық және жоғары кәсіби біліктілік танытты.

Балапашева Ә.А. фармакология, клиникалық фармакология кафедрасында ғылыми зерттеу жұмыстарымен белсенді айналысады, түрлі деңгейдегі ғылыми конференцияларға, семинарлар мен форумдарға қатысады. Зерттеу нәтижелерін отандық және шетелдік жетекші медициналық басылымдарда тұрақты түрде жариялада отырады. Профессорлық-оқытушылық құрам мен студенттер арасында лайықты құрметке ие.

Докторантурада оқу кезеңінде Балапашева Ә.А. білім беру және зерттеу бағдарламасы бойынша барлық кредиттерді сәтті менгерді. «Ақтөбе қаласының провизорлық стационарында COVID-19 пандемиясына дейінгі және кезіндегі бактерияға қарсы препараттарды тұтынудың ұтымдылығын кешенді бағалау» тақырыбындағы диссертациясы бойынша 7 ғылыми мақала жарияланды, олардың қатарында Scopus, Web of Science халықаралық дерекқорларында және ҚР Фылым және жоғары білім министрлігі ұсынған басылымдарда мақалалар жарияланды. Докторант ғылыми іс-шараларға тек университет шенберінде ғана емес, одан тыс шетелдер де халықаралық ғылыми конференцияларда белсенді қатысады.

Докторанттың кәсіби қызығушылықтары клиникалық фармакология, фармакоэпидемиология және фармакоэкономика сияқты түрлі бағыттарды қамтиды. Эйгерім Алдиярқызы біліктілігін арттыру мақсатында бірқатар курстардан өтті, соның ішінде Дүниежүзілік деңсаулық сақтау ұйымының еліміздегі кеңесі ұйымдастырған, стационарлық деңгейде бактерияға қарсы препараттарды ұтымды қолдану мәселелеріне арналған Астана қаласындағы оқу курсын оқыды. Бұл оның кәсіби өсіп-дамуга ұмтылышын айқын көрсетеді.

Аталған диссертациялық жұмыс жоғары ғылыми жаңашылдығымен, негізділігімен және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді. Зерттеу нәтижелерін клиникалық фармаколог-дәрігерлердің практикалық қызметінде енгізуге, сондай-ақ медицина және фармакология саласындағы мамандарды даярлау барысында білім беру үдерісінде пайдалануға болады. Ұсынылған зерттеу қазіргі деңсаулық сақтау жүйесіндегі өзекті мәселе — антибиотиктерге төзімділікпен курсу ісіне елеулі үлес қосады.

Диссертация қолданбалы сипатқа ие, барлық этикалық және әдістемелік талаптарды сақтай отырып, дербес орындалған. Докторант зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін айқын анықтап, алынған деректерді жан-жақты талдауды жүргізген. Алынған қорытындылар мен ұсыныстар логикалық, дәлелді және практикалық бағытта жасалған.

Осылайша, Балапашева Эйгерім Алдиярқызының диссертациялық жұмысы жоғары ғылыми және әдістемелік деңгейде орындалған, PhD дәрежесін алу үшін докторлық диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес келеді және 8D10102 – «Медицина» мамандығы бойынша Диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынылады.

Ғылыми кеңесші:

«М.Оспанов атындағы БҚМУ» Кеңестің
фармакология, клиникалық
фармакология кафедрасының деңгейті.
PhD



А.З. Мусина

